

Д. Мамырбаев^{1*}, Қ. Ержан¹, Л. Исаева²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Назарбаев зияткерлік мектебі, Ақтау қ., Қазақстан

*e-mail: dmamyrbaj@mail.ru

ЕВАНГЕЛШИЛ ХРИСТИАН-БАПТИСТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДІНИ АЛҒЫШАРТТАР

Мақалада евангелші христиан-баптистер қозғалысының қалыптасу алғышарттары, тарихи және теологиялық негіздері жан-жақты қарастырылды. Бұл бағыттың пайда болуына әсер еткен әлеуметтік, философиялық және діни теологиялық факторлар талданады. Атап айтсақ, баптизмнің негізін қалаушы Джон Смиттің көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен реформаторлар, анабаптистер, пуритандар және конгрегацияшылар сияқты діни топтардың философиялық және әлеуметтік идеялары зерттеледі. Сонымен қатар Джон Смиттің діндар адамдардың этикасы мен тұлғалық қасиетіне қатысты ұстанымдарына және шоқындыру рәсімінің маңыздылығына талдау жасалады. Реформация кезеңінен кейінгі Қайта өрлеу дәуіріндегі Еуропадағы протестанттық діни мектептердің қалыптасуы, олардың гуманистік идеялары мен теологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Англиядағы Баптизмнің таралуы кезеңіндегі саяси өзгерістер мен «Сенім декларациясы» сияқты негізгі құжаттардың маңызы сипатталады. АҚШ-тағы баптистік қозғалыстың табысты миссионерлік қызметі мен «Филадельфия ассоциациясы» заңдарының рөлі талданады. Баптистер санының эволюциялық өсу себептері зерттеледі. Қазақстанға дейінгі евангелші христиан-баптистердің миссионерлік қызметі, деноминациялары және бағыттарға бөлінуі қарастырылып, олардың жергілікті ерекшеліктері, діни мәтіндермен байланысы салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу нәтижесінде баптизмнің тарихи, әлеуметтік және діни негіздері жүйелі түрде сипатталып, оның жаһандық және аймақтық деңгейдегі даму ерекшелігі ашып көрсетіледі. Зерттеу жұмысының құндылығы – евангелші христиан-баптистер бағытының еліміздегі заңды тіркелуі мен тіркелмеуінің себептерін, шіркеудің мемлекеттік билікке деген ұстанымдарын талдауында.

Түйін сөздер: христиандар, протестанттық, евангелия, баптисттер, миссионерлік.

D. Mamyrbayev^{1*}, K. Yerzhan¹, L. Issaeva²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²Nazarbayev Intellectual School, Aktau, Kazakhstan

*e-mail: dmamyrbaj@mail.ru

The Formation of Evangelical Christian Baptists: Historical, Social and Religious Preconditions

The article provides a comprehensive analysis of the preconditions for the formation of the Evangelical Christian Baptist movement, its historical and theological foundations. It examines the social, philosophical, and religious-theological factors that influenced the emergence of this movement. In particular, the philosophical and social ideas of religious groups such as reformers, Anabaptists, Puritans, and Congregationalists, which impacted the development of the views of the Baptist movement's founder, John Smith, are explored. The article also analyzes Smith's positions regarding the ethics and personal qualities of believers, as well as the significance of the baptismal rite. The formation of Protestant religious schools in Europe during the Renaissance period after the Reformation, their humanistic ideas, and theological characteristics are discussed. The political changes and the importance of key documents such as the 'Declaration of Faith' during the spread of Baptism in England are described. The success of the Baptist movement in missionary work and the role of the 'Philadelphia Association' laws in the United States are analyzed. The reasons behind the evolutionary growth in the number of Baptists are examined. The missionary activities of Evangelical Christian Baptists prior to Kazakhstan, their denominations, and divisions into different directions are considered, along with a comparative analysis of their local features and connection to general religious texts. As a result of the research, the historical, social, and religious foundations of Baptism are systematically outlined, and its global and regional development characteristics are revealed. The research is valuable for analyzing the reasons behind the registration and non-registration of the studied direction in our country, as well as the church's stance on state power.

Key words: Christians, protestants, evangelicals, Baptists, missionaries.

Д. Мамырбаев^{1*}, К. Ержан¹, Л. Исаева²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан

²Назарбаев интеллектуальные школы, г. Актау, Казахстан

*e-mail: dmamyrbaj@mail.ru

Предпосылки возникновения евангельских христиан-баптистов, их особенности и позиции

В статье подробно рассмотрены предпосылки формирования евангельского христианско-баптистского движения, его исторические и теологические основы. Были проанализированы социальные, философские и религиозно-теологические факторы, оказавшие влияние на появление этого направления. В частности, исследованы философские и социальные идеи религиозных групп, таких как реформаторы, анабаптисты, пуритане и конгрегационалисты, оказавшие влияние на формирование взглядов основателя Баптизма Джона Смита. Также был проведен анализ его позиции относительно этики верующих, личностных качеств и важности обряда крещения. Рассмотрено формирование протестантских религиозных школ в Европе в эпоху Ренессанса после Реформации, их гуманистические идеи и теологические особенности. Охарактеризованы политические изменения и значение основных документов, таких как «Декларация веры», в период распространения Баптизма в Англии. Проанализированы успехи баптистского движения в миссионерской деятельности и роль законов «Филадельфийской ассоциации» в США. Исследованы причины эволюционного роста числа баптистов. Рассмотрена миссионерская деятельность евангельских христиан-баптистов до Казахстана, их деноминации и разделение на направления, а также сравнительно проанализированы их местные особенности и связь с общими религиозными текстами. В результате исследования систематически описаны исторические, социальные и религиозные основы баптизма, а также раскрыты его особенности развития на глобальном и региональном уровнях. Исследование ценное анализом причин регистрации и нерегистрации исследуемого направления в нашей стране, а также позиций церкви по отношению к государственной власти.

Ключевые слова: христиане, протестанты, евангелисты, баптисты, миссионеры.

Кіріспе

Евангелизация – грек тіліндегі «euangelion» сөзін аударғанда «ізгі хабар» мағынасын береді. Ал, терминдік мағынасы – Інжілдің кейбір бұйрығына сәйкес әлем халықтарын Құдай жолына шақыру, екі дүниеде де бақыт пен махаббатқа қол жеткізу үшін шоқындыру. Христиандықтың Інжілде кездесетін мұндай ізгі хабары тарихтың кей кезеңінде саяси тұрғыдан пайдалануы арқылы сакралданып, мемлекеттерді рухани әрі материалды отарлау мүдделеріне қолданылуы евангелизациялаудың үшінші бір қырын ашатындығы беймәлім емес. Қазіргі таңда да евангелизациялаудың әдістері әлемнің 122 мемлекетінде жұмыс істеп тұр. Зерттеушілер тарапынан жаңа діни ағымдардың (ЖДА) тарихы, әрекет ету аймағы және сакральды жазбаларға сенімі сараланса да, аталған бағыттың қарқынды бет-алысы, тұлға психологиясы мен қоғам өміріне тигізетін әсері концептуалды тұрғыдан тұжырымдалмай келеді. Осы тұста туындап отырған мәселені асқындырмай керісінше төмендетуге мүмкіндік бар ма? Евангелші христиан-баптистері туралы зерттеушілер не айтады? ЖДА-ның тарихы мен діни негіздері жайлы осы бағытты ұстанатын зерттеушілер не дейді? Тұжырымдарды салыстыра отырып, тақырыптың мәнін ашу маңызды деп ойлаймыз.

Христиан дініндегі миссионерлік әрекеттер әлем бойынша көптеген тарихи тағылымның өзгеруіне себеп болды. Мемлекеттердің қарым-қатынасына, мәдениеттеріне едәуір ықпал етті. Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы протестанттар әртүрлі бағыттар мен топтарға бөлінген болатын. Ал, дәл қазіргі ұстанымдары керісінше бірегейлікті қалыптастыруға бағытталып отырғаны байқалады. Бұл бірігу Иса Мәсіхтің дұғасына негізделіп жасалған. «Жазбада бірлік пен сүйіспеншік адамның Иса Мәсіхке деген адалдығын білдіреді, сенушілер мен сенбейтіндерді ажыратып көрсетеді. Ал, Иса дұғаны өзі үшін, шәкіртері үшін және барлық сенушілер үшін жасады (Киелі Кітап, 2001, Жохан 17: 1-23). Осыдан бағыттарға бөліну жолы бұрыс екендігін мойындап, қателіктерін түзетуде» деген тұжырым жасалған (Dwiraharjo, 2023: 20).

Қазақстандағы Евангелші христиан-баптистерінің қалыптасуындағы тарихи, әлеуметтік және діни алғышарттары бүгінгі заман тұрғысынан зерттелуі маңызды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада евангелші христиан-баптистеріне (ЕХБ) қатысты жүйелеу, сипаттау, тарихи шолу әдістерімен қатар тақырып бойынша жарияланған зерттеу жұмыстарына салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Мақаланы жазу барысында орыс ғалымдары Л.М. Митрохиннің «Баптизм история и современность» және «Баптизм и научная знания», Л.Н. Толстойдың «Христианство первых веков, Мысли о вере...», В. Штейннің «Баптизм и современность» атты еңбектерімен қатар, шетелдік ғалымдардың С. Генри мен А. Веббердің «A Short History of Baptists» (Баптистердің қысқаша тарихы), Г. Роберт пен А. Торбеттің «History of the Baptists» (Баптистер тарихы), Ж. Х. Шекспирдің «Baptist and Congregational Pioneers» (Баптистер және қоғамдық пионерлер), С. Двирахархо «Efforts to Unite Diversity in an Indonesian Baptist Churches Context: An Ecumenical Perspective based on John 17: 20-21» (Индонезия баптист шіркеулеріндегі әралуандылықты біріктіруге күш салу Контекст: Джон 17: 20-21 негізіндегі экумендік перспектива) және Дүниежүзілік ислам лигасының кеңесшісі Мункыз ибн Мухмуд Ас-Саккардың «Бог единый или Троица» атты еңбектері пайдаланылды. Аталған әдебиеттер негізге алына отырып, ғалымдардың пайымдаулары салыстыра қарастырылды. Мақалада салыстырмалы-тарихи, топтау, талдау әдісі қолданылды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде көптеген діни ұйымның пайда болуына орай дін мәселесіне байланысты саяси бағыттар айқындала бастады. Оның конституциялық және басқа да қоғамдық сфераларға қатысты заңдық принциптері мен нормалары бекітілді.

Қазақстанда бүгінде дінді тұтынуы жағынан көп сипатты қоғам өмір сүреді. Соның бірі – Қазақстанда ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр басында пайда болған – баптизм (евангелші христиан-баптистері). Қазіргі кезде евангелші христиан-баптистері Қазақстан Республикасындағы шіркеулер кеңесін құрған.

Бүгінгі таңда елімізде тіркелген евангелші христиан-баптист қауымдастығының саны 186 ұйымды құрайды, сонымен қатар бұл ұйым миссионерлік әрекетін тарихпен байланыстырып еңбектер жазуда. Евангелші христиан-баптист ілімі мен ғибадат ерекшеліктерін, қоғамдық ұйымның эволюциясын терең ғылыми талдауды және теориялық зерттеуді қажет етеді.

Осы мақсатта, ғылыми мақала нәтижесіне қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер алға тартылады:

- евангелші христиан-баптист шіркеуінің пайда болуы мен қалыптасуы және таралуының рухани-мәдени алғышартын анықтау;

- «баптизм» бағытының пайда болуына әсер еткен діни көзқарасын анықтау;

- «евангелші христиан-баптистерінің» Қазақстандағы шіркеу жұмыстары, сондай-ақ өзге діндер және мәдениеттермен ықпалдастық үдерістеріне талдау жүргізу;

- евангелиялық христиан-баптист шіркеуінің Қазақстан Республикасындағы діни рухани үдерістерге ықпалын, конфессиялық кеңістік пен қарым-қатынастағы орнын анықтау.

Негізгі бөлім

Мартин Лютер бастаған протестанттық реформация қозғалыс ретінде ХVІ ғасырдың 20-жылдары жұмысын тоқтатты. Осы кезде протестанттық жүйеде екі түрлі бағыт қалыптасты.

Біріншісі: Мемлекеттің саяси ұстанымын жақтайтын, ант қабылдайтын магистірлік реформаторлар англикан, елуіншілер, адвинтистер сияқты шіркеулер;

Екіншісі: Билікпен байланысты үзуді дәріптейтін, ант қабылдамайтын тәуелсіз реформаторлар, конгрегацияшылар және т.б шіркеулік топтар.

Осы екі негізгі ұстанымнан тараған протестанттық ағымдардың саны мыңнан асады. Себебі христиандық теологиядағы, иррационалды және рационалды сенімдерде, отбасылық һәм ғаламдық, тіпті экономикалық, логикалық, әртүрлі әлеуметтік факторға, көзқарасқа байланысты бөліну, конфессиялар, деноминациялар, секталау туындап отырған. Осы мәселе туралы баптизмді зерттеуші орыс ғалымы Л.М. Митрохин (1930-2005) өзінің «Баптизм и научное знание» атты еңбегінде: «Діни сенім – «адам – дін» қатынасы аясында пайда болмайды. Керісінше діни дүниетанымы әртүрлі әлеуметтік факторлардың әсерінен, нақты күнделікті тәжірибенің және тағы да басқа жайттардың әсерінен қалыптасады», – деген (Митрохин, 1969: 11). Л.М. Митрохиннің бұл пікірін жақсы пікірлердің қатарына қосқанымызбен, діни сенімнің адам-дін қатынасынан, яки теологиялық тараптан құрылғаны да тарихи шындық екенін ескереміз.

Негізінен протестанттық немесе жалпы христиандық бағыттардың көбеюінің және адам мен дін қатынасының қалыптасуына негізгі себеп антикалық христиандықтағы дихатомиялық бөлінуінен басталады. Иса мен он екі апостолдың тарапы және Апостол Павелдің дін таратудағы жаңаша әдістерін тоқталып өтпей болмас. Бұл жайлы Н. Б. Антонов өзінің «Иудаизм от А до Я» атты еңбегінде «Исаның он екі апостолы және ерушілер басында Исаның тікелей шәкірттері – апостол Петр мен Иаков тұрды. Олар

Павелға үзілді-кесілді қарсы болатын», – деп христиандықтың екіге бөлінуін баяндаса (Антонов, 2007: 211), ұлы ғалым Л.Н. Толстой өзінің «Христианство первых веков, Мысли о вере» атты еңбегінде «Антиохиядағы апостолдар соборының шешімінен кейін, иудеохристиандар біржола жалпы христиан диаспорасынан бөлінді. Павелдің соңынан ерушілері тарихта алғаш рет 52-жылы христиан діні деп аталды», – деп Павелдің нұсқасын күллі еврей емес халыққа таралған христиан бағыттарының түпкі нұсқасы екендігін көрсетеді (Толстой, 1919: 5). Осындай ойлары үшін Л.Н. Толстойға Орыс Православ шіркеуінен анафема (қарғыс) жарияланған. Әуелде еврейлер христиан дінін өз араларында реформаланған яһудилік ретінде уағыздаған. Апостол Иаков пен Петр христиан дінін одан әрі өзгертуді қаламаған, егер Мұсаға түскен өсиеттерді ұстануды не сүндеттеуді талап етпей шоқындыруға бел буған Апостол Павел болмағанда, христиан діні бұндай дәрежеге жетпейтін еді. Дихатомиялық бөліністе діни сенімді қалыптастыратын догмаларда түрленді. Кей зерттеушілер христиан дініндегі бағыттарға бөлінуді шоқындыру рәсімімен байланыстырады. «Шомылдыру күнәхарларға арналған іс болса, Исаның Иордандағы шоқыну рәсімінің мәні қалай болғандығы туралы сұрақ бағыттардың пайда болуы мен шәкірттерінің шатасуына әкелетін іс...» (Kowalski, 2021: 460). Біздің зертеп отырған бағыттың басты ерекшелігі де осы шоқындыру рәсімінің қасиеттілігі мен уақытына байланысты болмақ.

Еуропа католиктік шіркеудің инквизициясы мен индульгенциясына алданып жүргенде, антикалық Батыс этикасынан және жалпылама гуманизмнен ажырап, папа билігінің озбырлығына көне бастаған. Реформация кезеңінде папалық биліктен Еуропа халқы азаттық алып, Қайта өрлеу дәуірінде сананың, діннің, өнер мен ғылымның тәуелсіздігін талап етіп оянған халық түп-түқиянымен көтерілді. Барлық іске әділдік пен гуманизмге негізделе отырып баға берілуін талап етті. Сол себепті баптизм пайда болғанға дейінгі дәуір арпалысқан кезең, адамзат тарихындағы діндар адамның толық еркіндікке ұмтылған уақыты. Реформацияның алғашқы кезеңінде ерекше күрделі ақыл-ойлы, ар-ұжданды тұлғалар үстемдік етті. Цвингли бұл кезеңнің тұлғаларын былайша таныстырды: «Эразмның даналығы, Лютердің діни принциптері, Томас Мюнцердің көзсіз батырлығы сияқты ерліктің үстінде құрылды» деген (Zwingli, 2016: 5). Сондықтан Баптизм протестантизмнің ішіндегі аса діншіл және харизмалық қасиетпен көріне бастады. Баптизм өзіне дейінгі ағымдардан да сан қырлы элементімен түрленіп, қай заманда бол-

сын өзекті тақырыптың бірі болып қала бермек. Баптизмнің пайда болғандағы бірінші талабы – шіркеу және адам санасының тәуелсіздігі, яғни Құдайға толық берілу әрі бағыну болды.

Баптизм эволюциялық тұрғыдан жоғарыда көрсеткен екінші топтан өрбіген, шіркеудің пайда болу кезеңінде саяси билікпен ұштасқан, шіркеуден тәуелсіз болу принциптермен өмір сүруі керек деген ұстанымда болды. Баптизм өрбіген реформаторлық бағыттың басында XVI ғасырда пайда болған анабаптистер тұрды. «Протестанттықтың негізін салушы М. Лютер мен Ж. Калвиннен кейінгі үшінші адам, протестанттық жолда күрескен Ульрихт Цвингли осы топқа анабаптистер, яғни «қайта шоқынғандар» деген атау бергендігі туралы айтылады» (Мункыз, 2009: 23). Бұл бағыттың ұстанымы: шіркеудің пайда болуындағы ұстанымы мемлекетпен одақтасқан, саясиленген шіркеуге бағынбау және адамды сәби шағында шоқындырмау, керісінше адам саналы жасқа келгенде шоқынуын құп көрген. Анабаптистер осы көзқарастары үшін Еуропаның барлық елдерінде қудаланды. Анабаптистер мен баптистер атауы мен кейбір сипаттары ұқсағанымен, екеуі екі бөлек бағыт. Екі мектепке ортақ ұстаным – адам ересек шағында суға шомылып, шоқына алады.

Баптистердің пайда болуына көбірек әсер еткен компромистік сипаттағы, Тюдор реформациясының нәтижесінде пайда болған англикан шіркеуі. Англияда Рим-католик шіркеуінің бай мұрасы сақталды. Сонымен бірге Англия – күшті монархиялық және қуатты парламенттік жүйеге ие болған алғашқы христиан мемлекеті. Англия реформасы Лютердің де, Калвиннің де мақсатымен үндеспеді, бәлкім папалық жүйені корольдің ықпалына ауыстыру және ұлттық идеология жасау мақсаты басымдыққа болды. Англикан шіркеуін ірі буржуазия қолдады. Англикан шіркеуінің ішінен пуритандық (тазарту) бағыт пайда болды. Бұл бағыттың оң қапталында персвтерияндар орналасты. Бағыт жоғарғы сатыдағы таптың және ірі буржуазияның мүддесін қолдады. Ал екінші топ – конгрегацияшылар Англикан шіркеуінен толық азаттық алып, тәуелсіз шіркеу атану. Бұл бағыт ұсақ буржуазияның мүддесін қолдады. Конгрегацияшылар корольдік билікке қарсы, ал зайырлы билікке толық бағынатынын мәлімдеді. Тақуа адамдардың балалары болашақта тура жолды табу ықтимал-дылығы мол деп, сәбилерді шоқындыру рәсімін өткізуге рұқсат берген. Осы тұста конгрегация-шылардың бұл екі ұстанымына түбегейлі қарсы баптистер пайда болды.

Осылайша баптистік XVII ғасырда пайда болды. Бұл бағыттың негізін салушы Кембридж

университетінің түлегі 1593 жылы магистр дәрежесін алған, ағылшын шіркеуінің діни қызметкері әрі уағызшы, сепаратист – Джон Смит (1554-1612 ж). Ол реформацияның нәтижесінде папалық билік Англияда әлсірегенмен, VIII кароль Генрихтің папизімі күшейгеніне қарсы болды. «Осы тұста пуритандар кейінірек баптистер әділдікті орнату мен шіркеуден «папизімді» түбімен құрту үшін көтерілген болатын», – десе (Митрохин, 1969: 5), Корнел университетінің профессоры К.Хенри өзінің «Баптизмнің қысқаша тарихы» атты еңбегінде: «Реформацияның әсері Англия халқын қатты толқытты, соның себебінен XVII ғасырдың басында пуритандардың католик билігіне қарсылықтарының жемісі ретінде баптизм пайда болды», – дейді (Henry, 1967: 43). Осы жерде ғалымдардың пікірі көбіне папизімнің сарқыншағын түгелімен жоюға бағытталған. Баптизмнің бастауы христиандық бағыттағы пуритандардың конгрегацияшылар деген тармағынан туындағанын көрсетеді.

Джон Смит сөздерінің бірінде баптистердің ұстанымын былайша жектізеді: «Апостолдардың мұрагерлері әділдік жолындағылар. Ал, мұрагерлік жолды католиктік және англикандық шіркеу баяғыда үзген болатын. Дін қызметшілері және билікпен ұштасқан шіркеулер дінбұзарлар деп анафема жариялады. Сол үшін ақиқат сенім мен шіркеуді қалпына қайтадан келтіруіміз керек», – деп теологияда иудеохристиандар емес Павелдің нұсқасында тұрды. Джон Смит адасып, ақиқаттан ажыраған, күпірлік жолына түскен ересектер, саналы түрде шоқынуды ләзім, себебі сәби шақта шоқындыруы Інжілге қайшы, оның үстіне Құдайға христиандар адал болмай папаның айдауына көнгені үшін күнәһар деді. Осылайша адасқан қауымды туралыққа шақыру идеясын алға тартты. «Англия корольдігі мұндай радикалды көзқарастағы адамдарды қудалаумен қатар, ойларынан қайтып тәубеге келуін немесе елден көшу сияқты екі түрлі талап қойды» (Митрохин, 1997: 153). Джон Смиттің дін мен биліктің қатынасын айыптаса да, Троица сенімімен келіскен. Джон Смиттің діни сананың тәуелсіздігі мен шіркеудің тәуелсіз болу тұжырымы шынайылыққа, діни ұстанымдағы екіжүзділікке қарсы күрес, әділдік пен діни қасиеттілікті ашып түсіндіруге тырысқан. Джон Смит «Апостолдар мұрагерлік жолы» деген концепциясында не мақсат тұтқаны ғылым саласына қызықты болуы керек деген ойдамыз. Апостолдардың мұрасын жаңғырту баптизмнің асқақ идеясының бірі, бұл жайлы: АҚШ-тың Оңтүстік баптистерінің экс-президентті Альберт Вардин өзінің «Насколько самобытным было баптисское движение в Российской империи?» атты мақаласында ерек-

ше пікірін былайша жеткізеді: «Баптисты – это не культ с каким-то особым откровением. Это движение, которое пытается максимально приблизиться к вере и жизни Апостольской Церкви и провозгласить Евангелие Господа Иисуса Христа всем людям, в каждом народе» (Вардин, 2009: 160). Бұл ойда да, теологиялық тұрғыдан зерттелуі тиіс қызықты әрі академиялық ортаға күнгірт тартқан мәселелер бар. Мысалы, апостолдар шіркеуі мен баптистердің ортасындағы ұқсастық пен қайшылықтар, сенім, миссионерлік әрекеттер сияқты тақырыптар көп.

1606 жылы Джон Смит жақтаушыларымен негізгі шіркеуден бөлініп, Голландияға діни еркіндікті аңсап көшеді. Бұл жерде Джон Смит армения және меннониттер шіркеуі идеяларымен танысады. Адамды ересек кезінде шоқындыру керек деген ойымен толық келісіп нақты тұжырымдады. Сонымен қатар реформациядан кейінгі гуманизм әсерінен өздері сияқты евангелші христиан бауырларын бір шіркеуге біріктіріп, Исаны шіркеу басшысы ету идеясына келген. «Джон Смиттің сенімі христиан діні барлық адамзат үшін, кім құтқарылғысы келсе құтқарылады» (Schakespeare, 1907: 147), – деп Иса тек еврейлер үшін деген иудеохристиандардың сеніміне қарсы болған.

Баптистердің Томас Хелвис пен Джон Мертон бастаған тобы қанша қудалау көрсе де, Англияға қайта оралып, сол жерде шіркеу орнатады. Бұл топтың танымы бойынша «Жалпы баптистер» деп аталды. Бағыттың сенімі бойынша Иса айқыш ағашта құрбан болуымен бүкіл адамзаттың күнәсін қаны арқылы мойнына алған. Адам өз еркімен Исаны құдай ретінде қабылдауы керек, сонда ғана құтылады. Құдай адамның тағдырын өз қолына берді дейді. Құтқарылуға жетуге де, құтқарылудан айырылып қалуға да болады. Сонымен 1612 жылы Лондонға қайтқан шәкірттері «Сенім деклорациясы» атты ұстанымын жариялайды. Деклорацияда: «Шіркеудің сыртында құлшылықтағы христиандар тек мәсіхтің өмірді жақсартатынына, жеміс беретініне сенетін өкінген адамдардан ғана тұратындай көрінеді. Шіркеу – бұл тек әділ және кемел адамдардың рухы арқылы қалыптасатын шынайы рухани көрінбейтін шіркеу», – деді. Осылайша баптистік діни сенім адам баласынан шынайы илану мен ізгі қарым-қатынасты талап етті. Ал оның қарымтасына діни адамдарға әділдік пен шындықтың жолынан тайқымайтын декларация ұсынды. Адамдардың дін мен шіркеуді пайда көзі екен деп қате түсінулері мен Құдайға жағу әрі шіркеудің қызметінде жүру адам өміріне пайда әкелуі керек деген жаңсақ пікірден тазалауды мақсат етті. Л.М. Митрохиннің «Баптизм

и научное знание» атты еңбегінде: «Баптистердің декларациясында нақты екі ұстанымға тоқтағандарын айтады:

1) Адам сәби шағында емес саналы жасқа келгенде шоқынып шіркеуге қабылдануы керек;

2) саясиланған дінбұзар биліктен тәуелсіз және ар-ождан бостандығы мен биліктен баптистердің автономды өзін-өзі басқаруын талап етті» (Митрохин, 1969: 5).

Англиядағы жалпы баптистер туралы Г. Роберт өзінің «Баптизм тарихы» атты еңбегінде: «Англиядағы баптистер саны жылдам өспеді, 1612-1626 жылдар аралығында ел бойынша бес шіркеу мен 150 ұстанушысы ғана болды», – дейді (Robert, Torbet, 1993: 40). Америкалық ғалым Р. Уилсон өзінің «Зайырлы қоғамдағы дін, әлеуметтанулық талдау» атты еңбегінде «Англияда баптистердің саны 1965 жылы небары 267 мыңға әрең жетті», – деп әрекеттің шабандығын көрсеткен (Wilson, 1966: 23). Англияда баптистерді 1689 жылға дейін қудалау жүрді, бірақ осы жылы қабылданған «Толеранттылық актісінен» кейін бұл бағытқа еркін жұмыс жүргізуге рұқсат береді. Жалпы Англиядағы баптизм баяу дамып, 1965 жылдың өзінде 267 мың еруші тіркелген болатын (R. Wilson. 1966. 35). Бұлай болудың себептері де жоғарыда келтірген саяси ықпалдың әсері негіз болды.

Баптизмнің екінші бағыты 1633 жылы Солтүстік Америкада пайда болды. 1639 жылы Роджер Вильямс алғаш рет ұйым құрды. Алғашында адам саны баяу дамығанымен, 1707 жылы «Филладельфия ассоциациясы» құрылып, АҚШ пен шетелде миссионерлік әрекеттері қарқынды дамыды. Мысалы, 1784 жылы 35 мың ересек, 1850 жылы 700 мың ересек, 1900 жылы 4 миллион ересек ерушіге көбейіп отырған. «1944 жылы қара нәсілді баптистердің саны да көбейіп, 6 миллион 433 мыңға жетті», – дейді (Lohuston, 1956: 4). Ал, «XX ғасырдың 1962 жылғы әлемнің ресми статистикасында баптистердің саны 24, 3 миллион болды, соның 21 миллионы – Америкада еді» (Митрохин, 1969: 6). Ал, 2010 жылы АҚШ-та халық 51,5%-ға, яғни 159,85 миллионға жеткен. 2023 жылы АҚШ-та, халық саны 331449281 адам құрады. Сол халықтың 55%-ы, яки шамамен 170 миллионы баптистер деп есептелді. «АҚШ-та баптистердің 38 тобы тіркелген» (Blatlock, 2005: 15). Баптистер санақтарына көмелетке толмаған балаларды алмайтыны тағы бар. Бұл бағыт Кальвиннің іліміне негізделген «Партикулиттер» тобы деп те аталған болатын. Партикулиттердің сенімінде Құдай таңдаған адам ғана құтқарылады. Исаның құрбандығы барлық адам үшін емес, оған сенгендер, таңдалушылар үшін. Адамдардың таңдалушыларына қасиетті рух қонады. Партикулиттер діни жорал-

ғыларды сақтағанда ерекше қаталдық танытады. Америкада баптизм кеңінен тараған, бірқатар президенттері де – осы бағыттағы адамдар.

Заманауи зерттеушілер Америкада баптистік бағыттағы 4 президенттің де уақытында соғыс болмады және олардың қолы қанға боялмауының себебіне діни көзқарасы әсер етті десе, В. Штейн өзінің «Баптизм и современность» атты еңбегінде: «В списках «братьев во Христе» числятся миллионеры Рокфеллеры, «Крестный отец атомной бомбы» бывший президент США Трумен и другие, им подобные», – деп қысқа қайырады (Штейн, 1969: 4). Труменнің 1945 жылы атом бомбасын Хиросима мен Нагасакиге тастауына келісім беруі, діни көзқарасынан емес, бәлкім, сол кездегі Жапонияның империялық көңіл күйін басу және соғысты тоқтату мақсатында болды деп пайымдаймыз. Соғыс тоқтамаса оданда көп адамның өлімі болады деген саяси пікір жасалған. АҚШ-тың Оңтүстік аймағындағы баптистер күл иеленушілік пен нәсілдік дискриминацияны ерекше қолдау жолында белсенді қызмет атқарды. Бұл тақырып та зерттеуді талап етеді. Протестанттар Америкада дамыған сайын түрленуі, құлдыққа қалыпты қарауының себептері, сол кездегі діни әрі саяси мәселені тереңірек түсіну өзекті.

Ресей империясына таралғаннан кейін Петербургте баптизмге етене жақын евангелші христиандар деноминациясы пайда болып, қазақ жерінде де қызметі бүгінге дейін жалғасуда. Егер әмперикалық сауалнама деректеріне сүйенсек, баптистер 1890 жылы Орталық Азияға Кавказдан Транскаспий жолы арқылы келген. Баптистердің Қазақстандағы тіршілігі XX ғасырдың басында 1903 жылы, яғни Қостанай уезінің Николаевка кентіне үкіметтен қоныс аударуға рұқсат алып, Украинадан көшіп келген уақыттан бері жұмыс жүргізеді. 1917 жылы 1-маусымында басылған «Түркістан епархиялық газетінің» №13-де, «Орталық Азияда 2000-нан, астам баптист бар» делінген. Ал «2008 жылы баптистер Қазақстандағы қызметтерінің 100 жылдықтарын тойлады» (Борбасова, 2009:30). Қазіргі таңда Қазақстанда бұл бағыттың тарихы 121 жылға созылды. Сенушілердің саны шамамен 10.000-15.000 аралығында.

Баптистердің католиктерден бірнеше айырмашылығы бар:

- Інжіл – шіркеудің негізі, папа ешқандай да қасиетті емес. Папа күнәсіз дегенге келіспейді;

- Інжілді папаның талқылауынсыз, әрбір иланған адам өз таным көкжиегіне негізделе түсінуге хақылы. Өз тілінде Құдаймен байланысуға да хақы бар;

- Жеті апокрифтық жазбаларды мойындамау;

- Папаның билігі мен күнәлерды кешіруін және католиктік құпия кешті, Иконаны, Мә-

риямды құдайландыруды, тазартушылық пен құпия шіркеуді мойындамайды. Сондай-ақ католиктік индульгенцияны, адамның санасын Інжілден басқаға бағындырғысы келгендердің барлығына қарсы;

- Ізгі істер – сенімнің жемісі, бірақ құтқарылу ізгілікте емес, сенімде;

- Барлық протестанттық шіркеу тәуелсіз;

- Түсініксіз тілде дұға оқуға тыйым салынады. Құлшылық етуші өз тілінде дұға жасауы ләзім;

- Монахтыққа жол берілмейді: дін қызметкері міндетті түрде үйленуі керек;

- Қасиетті рух әке мен ұлдан шығады. Исада екі табиғат және екі ерік бар (Осы сенімде Католиктік сеніммен келіседі).

Баптизмнің тағы бір қасиетті ұстанымы миссионерлік, барлық халықты шоқындыру миссиясын Матфейдің евангелиясынан алады, онда: «Халықтың бәрін Әке, Бала, Қасиетті Рухтың атынан шоқындырыңдар», «Оларға менің әмір еткен ісімді ғана жасатқызыңдар» (Киелі Кітап, 2001, Мф. 28: 19-20). Сондай-ақ Марк Евангелиясында «Әлемді шарлап, Евангелиямды барлық жаратылғандарға таратыңдар», – деп айтылған (Киелі Кітап, 2001, Мк 16: 15-16). Евангелизация немесе миссионерлікті протестанттық және католиктік шіркеулер белсенді түрде жүзеге асырады. Осы жерде Інжілдің қарама-қайшы хабарлары бойынша Исаның жеке басына келетін болсақ, ол Мұса мен Жақып пайғамбарлардың ісін жалғаушы, Израйльге түскен пайғамбар. Христиан дінін әлемдік діндер қатарында санау Құран мен Інжіл хабарларында теріс деген көзқарастар бар. Исаға миссионерлікті таңу бұрыс болып саналады дейтін теологтар қатары бар. Ақиқатында Христос Израйль ұлдарын құтқару үшін келген, Ал боялған кейінгі Апостол Павел нұсқасындағы христиандық Құдайдың Үш Ипастасымен түрленіп, басқа ұлттарға таралды. «Апостол Павелдің ерекше теологиясының қалыптасуына көбіне өзінің Дамаск қаласына саяхаты мен Інжілді өзінше форматта түсіндіруі себеп болды», – деп көрсетті (Paul, 2018: 417).

Сондай-ақ ол бір сөзінде: «Павелдің айтқан сөздерін Иса мүлдем айтпаған, мысалы Иса өзін құдай деуі сияқты», – деген. Сөзімізге Артур Вандалайдың «Раскрытая Вселенная» атты еңбегіндегі: «Павел положил начало тому, что сегодня называется христианством», – деген тұжырымы да бар. Христиандықты әлемдік дінге көтергендіктен миссионерлік іске қосылды. Бұл шоқындыру жүйесі академиялық ортада түсініксіз болмақ. Себебі Исаның апостолдары Матайдан жеткен ізгі хабарда: «Ал, Иса: Мен тек адасып кеткен қойларға ұқсас исраил хал-

қына ғана жіберілгенмін, – дейді» (Киелі кітап, 2001: 15/25), – деген Інжілдегі Матайдан жеткен өсиетке сүйеніп, басқа халыққа уағыздарын жүргізбеді. Исаның өмірі де, өлімі де исраил халқы үшін болды деген ұстанымда еді, алғашқы еврей ерушілер басқа ұлттарды аралап миссионерлік әрекет жасамады. Ал Құранда «Әли-Имран» сүресінің 49-аятында «Алла оны (Исаны) исраил ұлдарына елші етіп жіберді», – деп эманципацияға жол ашады және антисинтезделуі дінтанулық тұрғыдан тереңірек зерттеуді талап етеді (Мамырбаев, 2021: 25).

1965 жылы II Ватикан Соборы евангелизацияға байланысты заң шығарды. Онда, шіркеулердің миссионерлік қызметі қарастырылды. Орта ғасырда евангелизация сөзі рухани атаққа ие болса, қазіргі таңда католиктік шіркеуді құрайтын христиандардың миссионерлік іс-әрекетіне ұласты (Борбасова, 2009: 29).

Қазақстандағы евангелші христиан-баптист шіркеуінің қызметі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы «Діни сенім бостандығы туралы» Заң аясында ресми түрде тіркелуге қарсылық танытпаған. 2011 жылдың басында елде баптистік 364 діни бірлестік болып, қайта тіркеуден 100 жергілікті діни бірлестік өткен. Қазіргі таңда заңды тіркеуден өткен 196 діни бірлестік бар. Сонымен қатар «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның кей тармақтары бірлестіктердің діни көзқарасына қайшы келгендіктен тіркелуден бас тартқан қауымдар да бар. Өздерінің айтуынша: «Тіркелмеген қауым мемлекетке қауіп төндірмейді». Бірақ құдайлық заң мемлекеттік заңнан биік деген діни көзқарасы және миссионерлікпен шіркеу аумағында ғана айналысу деген тармақшаға байланысты тіркеле алмайтындықтарын ашық айтады.

Нәтижелері және талқылама

Джон Смиттің пікірі бойынша: «Шіркеуде апостолдар мұрасын жаңғырту, реформацияның алғашқы талаптарын сақтай отырып діни жүйенің саясатқа кірікпей дамуы» болды. Діни көсемнің ойынша Еуропа христиандары еврей емес халыққа дінді насихаттаған Апостол Павелдің нұсқасында бұл асыл дінді таныған, рухани тәртіпті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты сақтай алатын жалғыз жол деп сенеді. Джон Смит христиандардың «күлдірауын» реформацияның өз бағытынан айнып конформизациялануынан деген пікірімен түсіндірді. Осылайша христиан сенушілері өздерінің алғашқы рухани түп нұсқаларынан алыстады деп тұжырымдады. Нәтижесінде христиан сеніміндегі халық екіге бөлініп, «түсініспеушілікте» өмір сүрді әрі тыныштық өмір үшін қымбат

баға төлеуге мәжбүр болды. Джон Смит «Адамды ересек кезінде шоқындыру керек» деген ойымен толық келісіп нақты айқындады. Сонымен қатар реформациядан кейінгі гуманизм әсерінен өздері сияқты евангелші христиан бауырларын бір шіркеуге біріктіріп, Исаны шіркеу басшысы ету идеясына келген. «Джон Смиттің сенімі христиан діні барлық адамзат үшін, кім құтқарылғысы келсе құтқарылады» (Schakespeare, 1907: 147), – деп миссионерлік арқылы адамзаттық миссияларына тағы да жол ашты. Мақалада апостол Павелдің жалпыны құтқару деген нұсқасынан бөлек апостолдар шіркеуінің дихотомиялық бөлінуі, ұстанымдары және Исаның пайғамбарлық міндетінің ауқымына байланысты талқыламалар жасалды.

Баптизм пайда болғаннан кейінгі бөлінулер Англиялық және АҚШ-тық жамағат болды. Томас Хелвис пен Джон Мертон бастаған бір топ Англияда «Сенім декларациясын» ұстанатын «Жалпы баптистер» шіркеуін құрды. Бағыттың сенімі бойынша Иса айқыш ағашта құрбан болуымен бүкіл адамзаттың күнәсін қаны арқылы мойнына алған. Адам өз еркімен Исаны құдай ретінде қабылдауы керек, сонда ғана құтылады. Құдай адамның тағдырын өз қолына берді деген топ. Баптизмнің екінші бағыты Роджер Вильямстың бастауымен 1633 жылы Солтүстік Америкада пайда болған және «Филадельфия ассоциациясы» үкімдерін ұстанатын «Жеке баптистер». Алғашында адам саны баяу дамығанымен, 1707 жылы АҚШ-та миссионерлік әрекет қарқынды дамыды. Екі бағыттың ұстанымы мен айырмашылығы талқыланады. Баптистік шіркеудің пайда болу алғышартын, христиан дінінің антикалық дәуірінен тартып жатқан негізін, реформация кезеңіндегі жандануын, әрі Англия және АҚШ-тық сипатта миссионерліктің түрлері талқыланды. Осылайша қазақ жеріндегі баптистерге баға берілді.

Сонымен қатар біз далалық зерттеуімізде «BAPTISTS» сөзінің әр әріпінде терең мағына бар екенін анықтадық. Мысалы:

В – (Biblical authority) Құдай сөзі, Інжілдің шексіз билігі, кітап нені растаса баптист соны шындық деп қабылдайды;

А – (Autonomy of the local church) Әр шіркеудің жеке автономиясы, олардың барлығы тәуелсіз. Пастер Исаның алдында қауым үшін жауапты;

Р – (Priesthood of the believer) Әрбір сенуші Құдайдың қызметкері, миссионер;

Т – (Two ordinances) Екі құрметті рәсімді атқару:

1. Шомылдыру рәсімі арқылы адамды Исаның өлімі, жерленуі мен қайта тірілуі арқылы бір тұтастандыру.

2. Кешкі астағы ритуалдарды жасату, бұл Исаның күнәләр үшін өлгенін білдіреді;

I – (Individual soul liberty) Жеке жан бостандығы. Баптистік сенімде адамды дінге мәжбүрлеуге болмайды;

S – (Saved, baptized church membership) Құтқарылған және шоқындырылған қауым мүшелері;

T – (Two offices in the church) Қауымда пастер мен дьякон ғана қызмет жасайды, иерархиялық билікке қарсы;

S – (Separation of church and state) Шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі, Құдай екеуін де құрды және екеуінің бағыттары бір-біріне сәйкес келмейді. Екеуі де бір-бірін бақыламауы керек және олардың арасында одақ болуы мүмкін емес. Шіркеу әділеттілікте үкіметке көмектесе алады. Бірақ үкіметті бақылауға да хақы жоқ дегенге сай келеді. «Ал баптистік шіркеудің тәуелсіздігі дегеніміз оқшаулану емес. Баптистік қауым басқа шіркеулермен өзара мүдделер негізінде жақсы қарым-қатынас құра алады» (Afolaranmi 2022: 5). Қазақстанда заңды тіркеліп қызмет ететін шіркеулерді жоғарыда келтірдік.

Қазақстандағы заңды тіркелген баптистік қауымда бұл рәсімді жүргізу пастердің жауапкершілігінде. Ал тіркелмеген топта шынайы иланған және пастер сенім артқан сенуші шомылдыру рәсімін атқара береді. Баптистер басқа христиандар сияқты, адамның тәубеге келіп, куәлік келтіріп, шомылдыру рәсімінен өткенде барлық пенделікпен істеген күнәлары жойылып жаңа өмір басталатынына сенеді. Елдегі баптистік топтар Кальвиндік тұжырымды ұстанатын «жеке баптистер», яғни таңдалған адамдар ғана құтқарылады деген сенімде.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, протестанттық бағыт ішіндегі евангелші христиан-баптистерінің діни, саяси, әлеуметтік мұрат-мақсаттары сонау XVII ғасырда Реформацияны әрі қарай дамытуы барысында басталған. Католиктік папизм мен англикандық шіркеудің конформизациялануына қарсы топтың наразылығынан қалыптасқандығы анықталды. Жалпылама 1000-нан астам протестанттық бағыттың қалыптасуына әрі бөлінуіне себеп болған – «адамның діни сенімі» саяси, діни, әлеуметтік, экономикалық және теологиялық көзқарастардан қалыптасқандығы сараланды. Баптистік бағыттың діни қауымдастық ретінде тарих сахнасында пайда болуына сол кездегі діни, саяси ахуал, корольдік билік пен халықтың ортасындағы түсініспеушіліктер әсер еткендігі талданды.

Баптизмнің негізін қалаушы Джон Смиттің ұран көтеруіне негізгі себептер және мәселені шешу мақсатында ұсынған міндеттері талқыланды.

ды. Құдайлық әділдік пен гуманизмді орнату, шіркеуді қайта жандандыру үшін католиктік және англикандық шіркеу үзген «Апостолдар мұрасын» қайтаруды талап ету жолы анықталды. Билік пен шіркеудің қатынасы және діннің саясиленіп түпкі негізін жоғалту принциптері сараланды.

1612 жылы баптизмнің Англиядағы бағытының жазған «Сенім декларациясы» мен АҚШ-тағы баптистік топтың 1707 жылы жазған «Филладельфия ассоциациясы» салыстырыла отырып талданды. Құжаттардағы ортақ принциптерімен қатар әрқайсысының өзіне тән сипаты көрсетілді. Құжаттардағы тереңірек зерттелуі тиіс тақырып – адамның Құдай мен дінге сенуінің қарымтасына пайдасын көздеуі. Декларацияда осындай адамның бойындағы дінге деген ізгіліктің жоғалуы және керісінше пайдакүнемдік, коммерциялық қатынастардан аулақ болу жолы анықталды.

АҚШ-тағы баптистердің діни сенімдерінің ерекшеліктері талданып, оқырманға ұсынылды. Бағыт ұстанушыларының 1784-2023 жылдар аралығында 35 мыңнан 170 миллионға жеткені туралы статистикалық мәлімет келтірілді. Бап-

тистік бағытты ұстанған АҚШ-тың президенті Труменнің 1945 жылы атом бомбасын Хиросима мен Нагасакиге тастауына келісімі, нәсілдік дискриминацияны құлдық мәселелеріне діни ұстанымдар көрсетілді.

Баптизм – христиан әлеміндегі ауқымды әрі күрделі бағыт. Сондықтан еліміздегі қарқыны мен көрінісін, миссионерлік әдістерін бір шағын мақалаға сыйғызып, түгел қамтып баяндау қиын. Біз өз тарапымыздан маңызды факторларына, пайда болуына әсер еткен діни көзқарасқа, Қазақстандағы шіркеу жұмысына және өзге діндер мен мәдениеттерге ықпалдастығын нысана ретінде арнайы қарастырып, қысқа болса да тұжырымдар мен түйіндеулер жасауға ұмтылды. Евангелші христиан-баптист шіркеуінің Қазақстан Республикасындағы діни рухани үдерістерге деген ұстанымы, конфессиялық қарым-қатынастағы ұстанымы анықталып ұсынылды. Осы тақырыпқа қатысты материалдарды жинап, жүйелеп, оның дамуы мен жаңаша әдістегі миссионерлік әрекеттерін, тенденциялар мен заңдықтарын айқындай отырып зерделеуге зәрулік бар.

Әдебиеттер

- Afolaranmi, A. O. (2022). Conflict Resolution and the Autonomy of the Local Baptist Church: A Critical Review. *International Journal of Religious and Cultural Practice*, №7(1), 1-11. <https://doi.org/10.56201/ijssmr.v8.no1.2022.pg32.40>
- Blatlock, J.C. (2005) *Baptist Groups in America*. Jacksonville. – Texas: Baptist Missionary. 50.
- Dwiraharjo, S. et al (2023) Efforts to Unite Diversity in an Indonesian Baptist Churches Context: An Ecumenical Perspective based on John 17: 20-21. *Pharos Journal of Theology* №1(104) 20-21. DOI: <https://doi.org/10.46222/pharosjot.1047>
- Henry C. Vedder (1907) *A Short History of Baptists*. Philadelphia. – American Baptist Publication Society. – 488.
- Kowalski, M. (2021) *Baptism – the Revelation of the Filial Identity of Jesus and the Christian*. – Poland: The Biblical Annals. №11(3) 459 – 495. DOI: <https://doi.org/10.31743/biban.12263>
- Lohuston, R. F. (1956) *The Religion of Negro Protestants*. – New York: Philosophical Library. – 278.
- Paul, N.A. (2018) *Encounter, Dissonance, and Reflection in the Dialectical Development of Paul’s Theology*. – Newberg: Faculty Publications, College of Christian Studies. №3 (24) 416-433. DOI:https://doi.org/10.1163/9789004373501_027
- Payne, E.A. (1944) *The Free Church tradition in the life of England*. – London: SCM Press. –158.
- Robert ,G. Torbet, A. (1993) *History of the Baptists*. – Printed in the U.S.A.: Judson press. – 575.
- Schakespeare, J. H. (1907) *Baptist and Congregational Pioneers*. – London: National Council of Evangelical free churches. – 202.
- Wilson R. (1966) *Religion in Secular Society, a Sociological Comment*. – London: Watts – 252.
- Wilson, R. (1966) *Religion in Secular Society, a Sociological Comment*. – London: Watts. – 235.
- Zwingli, U. (2016) *Ulrich Zwingli (1484-1531): selected works. Anniversary Collection*. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press. – 288.
- Антонов, Н. Б. (2007) *Иудаизм от А до Я. Серия: Мировая культура*. – М: АСТ: Восток – Запад. – 288.
- Бертран, Р. (2020) *Батыс философиясының тарихы*. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы. -896.
- Борбасова, Қ.М. (2009) *Қазақстандағы Евангелшіл Христиандар және олардың миссионерлік қызметі // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, саясаттану, мәдениеттану сериясы. №2(33). – 29-33. [https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder259/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA%D0%A4%D0%98%D0%9F-2\(33\).pdf](https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder259/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA%D0%A4%D0%98%D0%9F-2(33).pdf)*
- Вардин, А. (2009) *Насколько самобытным было баптистское движение в Российской империи? / Богословские размышления. – Одесса. № 10 – 184 <https://f.eruditor.link/file/3492398/>*
- Киелі кітап (2001) *Таурат, Забур және Пайғамбарлар жазбаларының таңдамалы жиынтығы және Інжіл шариф*. – Станбул: Жаңа өмір баспасы. – 1234.
- Мамырбаев, Д.Ж. (2021) *Қазақтар христиан болған ба? Бояулы діндер*. – Алматы: Дайыр баспасы. – 170.
- Митрохин Л.М. (1969) *Баптизм и научное знание*. – Москва: Знание. – 60.
- Митрохин Л.М. (1997) *Баптизм история и современность (философско-социологические очерки)*. – СПб: РХГИ. – 480.
- Мункыз, ибн Мухмуд Ас-Саккар. (2009) *Бог единый или Троица. – Казань. Первое русское издание. – 302.*
- Толстой, Л.Н. (1919) *Христианство первых веков, Мысли о вере*. – М: Общества Истинной Свободы. – 31.
- Штейн, В. (1969) *Баптизм и современность (Материал в помощь лекторам, выступающим на атеистические темы)*. – Алма-Ата: Общества “Знание” КазССР. – 35.

References

- Antonov, N.V. (2007) Iudaizm ot A do Ia, Seriya: Mirovayakultura [Judaism from A to Z. Series: World Culture]. – M: ACT: Vostok – Zapod. – 288 (in Russian)
- Afolaranmi, A. O. (2022). Conflict Resolution and the Autonomy of the Local Baptist Church: A Critical Review. International Journal of Religious and Cultural Practice, №7(1), 1-11. <https://doi.org/10.56201/ijssmr.v8.no1.2022.pg32.40>
- Bertron, R. (2020) Batis philosophyasinin tarihi [History of Western Philosophy]. – Hur-Sultan: Ulttik audarma byrosi. –896.
- Blatlock, J. C. (2005) Baptist Groups in America. Jacksonville. – Texas: Baptist Missionary. – 50.
- Borbasova Q.M. (2009) Qazaqstandagy Evangelsnil Hristiandar zhane olardyn missionerlyk qizmety [Evangelical Christians in Kazakhstan and their missionary activities]. Bulletin KazNU, Philosophy, Political sciences, Cultural studies Series. №2(33) 20-24.– Almaty (in Kazakh)
- Dwiraharjo, S. et al (2023) Efforts to Unite Diversity in an Indonesian Baptist Churches Context: An Ecumenical Perspective based on John 17: 20-21. Pharos Journal of Theology №1(104) 20-21. DOI: <https://doi.org/10.46222/pharosjot.1047>
- Henry, C. Vedder. (1907) A Short History of Baptists. – Philadelphia: American Baptist Publication Society. – 488.
- Kowalski, M. (2021) Baptism – the Revelation of the Filial Identity of Jesus and the Christian. – Poland: The Biblical Annals. №11(3). – 459-495. DOI: <https://doi.org/10.31743/biban.12263>
- Lohuston, R. F. (1956) The Religion of Negro Protestants. – New York: Philosophical Library. – 278.
- Mamyrbayev, D.Zh. (2021) Kazaktar hristiyan bolgan ba? Boyauli dinder [Were Kazakhs Christians? Colorful religions]. – Almaty: Daiyr baspasy. – 170 (in Kazakh)
- Mitrohin, L.M. (1969) Baptizm I nauchnaya znanya [Baptism and scientific knowledge]. – M: Znanie. – 60 (in Russian)
- Mitrohin, L.M. (1997) Baptizm istoriya I sovremennost' (filosofsko-sociologicheskie ocherki) [Baptist history and modernity (philosophical and sociological essays)]. – SPB: RHGI. – 480 (in Russian)
- Munkyz, ibn Muhmud As-Sakkar (2009) Bog edinyi iliTroica [One God or Trinity]. – Kazan: Pervoe russkoe izdanie. –302 (in Russian)
- Paul, N. A. (2018) Encounter, Dissonance, and Reflection in the Dialectical Development of Paul's Theology. – Newberg: Faculty Publications, College of Christian Studies. №3 (24). – 416-433. DOI:https://doi.org/10.1163/9789004373501_027
- Payne, E.A. (1944) The Free Church tradition in the life of England. – London: SCM Press. –158.
- Robert, G., Torbet, A. (1993) History of the Baptists. – Printed in the U.S.A.: Judson press. – 575.
- Schakespeare, J. H. (1907) Baptist and Congregational Pioneers. – London. National council of Evangelical free churches. – 202.
- Shtein, B. (1969) Baptizm I sovremennost' (Material v pomosh' lektoram, vystupaiushim na ateisticheskie temy). – Alma-ata: Obshestva "Znanie" KazSSR. – 35 (in Russian)
- The Holy Book (2001) A Selected Compilation of the Torah, the Psalms, and the Prophets' Writings, along with the Holy Gospel. – Istanbul: New Life Publishing. – 1234. (in Kazakh)
- Tolstoi, L.N. (1919) Hristyanstvo pervih vekov, Mysli o veri. – M: Obshestva Istennoy Svobody. – 31 (in Russian)
- Vardin, A. (2009) Naskolko samobytnim bil baptiskoe dvijenie v Rossiskoy ymperii? / Bogoslovskoe razmishlenniya. – Odessa. №10 – 184. <https://f.eruditor.link/file/3492398/> (in Russian)
- Wilson, R. (1966) Religion in Secular Society, a Sociological Comment. – London: Watts. – 235.
- Wilson, R. (1966) Religion in Secular Society, a Sociological Comment. – London: Watts. – 252.
- Zwingli, U. (2016) Ulrich Zwingli (1484-1531): selected works. Anniversary Collection. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press. – 288.

Авторлар туралы мәлімет:

Дидар Мамырбаев Жетпісулы (корреспондент автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).

Қалмахан Ержан Сейтұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ислам ілімдері факультеті, Дінтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com).

Исаева Ляззат Ныгметқызы – Назарбаев зияткерлік мектебі, Тарих және география кафедрасының мұғалімі (Ақтау, Қазақстан, e-mail: lyazzat_69_aktau@mail.ru)

Information about authors:

Didar Zhetpisuly Mamyrbayev (coresponding author) – PhD doctoral student Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).

Kalmakhan Yerzhan Seytuli – PhD, Associate Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com).

Issaeva Lyazzat Nygmetkyzy – teacher of the Department of History and Geography of Nazarbayev Intellectual School (Aktau, Kazakhstan, e-mail: lyazzat_69_aktau@mail.ru).

Сведения об авторах:

Дидар Мамырбаев Жетпісулы (автор корреспондент) – PhD докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).

Қалмахан Ержан Сейтұлы – PhD, ассоциированный профессор кафедры религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com).

Исаева Ляззат Ныгметовна – преподаватель Кафедры истории и географии Назарбаев интеллектуальной школы (Ақтау, Казахстан, e-mail: lyazzat_69_aktau@mail.ru).

Тіркелді: 3.01.2024
Қабылданды: 19.12.2024